

## **Ішкі істер органдарында есепке алу-тіркеу тәртібін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы есептілікті жасау жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулық ішкі істер органдарындағы есепке алу-тіркеу тәртібін (бұдан әрі – ЕАТТ) бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы есептілікті (бұдан әрі – Есеп) жасау және қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Есепті тағайындау ЕАТТ сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ведомстволық жұмыстың сапасын және тиімділігін сипаттайтын статистикалық көрсеткіштерді есепке алудан, жинаудан және жүйелеуден тұрады.

3. Осы есептің субъектілері Астана және Алматы қалаларының, облыстардың және Көліктегі ішкі істер департаменттері (бұдан әрі – ПД, КПД), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (бұдан әрі – ҚАЖК), Төтенше жағдайлар комитеті (бұдан әрі – ТЖК), Ұлттық ұлан, ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі, Тергеу департаментінің Әскери-тергеу басқармасы (бұдан әрі – ТД ӘТБ) (бұдан әрі – есеп субъектілері) болып табылады.

4. Берілетін мәліметтердің толықтығы мен шынайылығына есеп субъектілерінің орындаушылары мен басшылары жауапты болады.

5. Есепті жасау кезінде логикалық үйлесімдікті сақтау қажет.

### **2. Есепті ұсыну мерзімдері**

6. Есеп субъектілері есепті өсіңкі қорытындымен ай сайын есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 6-сына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ, Министрлік) Штаб-департаментіне ұсынады.

7. Министрліктің Штаб-департаменті республика бойынша жиынтық есепті қорытады және есеп беру кезеңінен кейінгі айдың 9-ына дейінгі мерзімде Министрлік басшылығына ұсынады.

### **3. Есепті жасау тәртібі**

8. Есепті ЕАТТ-ның сақталуына ұйымдастырушылық және бақылау шаралары кешенін жүргізу барысында алынған ақпараттың негізінде есеп субъектілерінің ЕАТТ-ны бақылау жөніндегі бөлініс қызметкерлері жасайды.

9. Есеп: 8-қосымшада «Анықталған ЕАТТ бұзушылықтары туралы», «Анықталған және Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне (бұдан әрі – СДТБТ) тіркелген, есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы», «Ведомстволық жолмен анықталған, жасырылған

қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер», «Прокуратура органдары анықтаған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер», «Тәртіптік практика туралы» бес бөлімді, сондай-ақ 9-қосымша «ЕАТТ-ны бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы ҚАЖК есептілігін», 10-қосымша «ЕАТТ-ны бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы ТЖК есептілігін» қамтиды.

10. ПД, КПД есептері қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары (бұдан әрі – ҚАЖПО) бойынша ұсынылады.

11. ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі, Министрліктің Тергеу департаменті Әскери-тергеу басқармасының, Ұлттық ұланның есептері (1-қосымша) «барлығы» - деген бір жолдан тұрады.

12. Министрліктің есебінде (1-қосымша) 1-17-жолдарда облыстар, өңірлер бойынша деректер; 18-жолда ПД, КПД бойынша қорытынды көрсеткіштер, 19-22-жолдарда ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі, Ұлттық ұлан, Тергеу департаментінің Әскери-тергеу басқармасы, Министрліктің орталық аппараты бойынша деректер, 23-жолда – жиыны (18-22-жолдардың қосындысынан тұрады) көрсетіледі.

13. ҚАЖК есебінде (3-қосымша) 1-16-жолдарда облыстар, өңірлер және ҚАЖК-нің орталық аппараты бойынша деректер; 17-жолда – қорытынды көрсеткіштер көрсетіледі. ТЖК есебінде (4-қосымша) 1-17-жолдарда облыстар, өңірлер және ТЖК-нің орталық аппараты бойынша деректер; 18-жолда – қорытынды көрсеткіштер көрсетіледі.

#### **4. «Анықталған ЕАТТ бұзушылықтары туралы» 1-бөлімді құру**

14. 1-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау кезінде есеп субъектілері жүргізген заңдылықтың сақталуын тексерудің саны көрсетіледі.

Деректер тексеру аяқталғаннан кейін және оның нәтижелері туралы анықтамалар жасалғаннан кейін енгізіледі. Тексеріс барысында заң бұзушылықтар анықталған, анықталмағанына қарамастан, баған жүргізілген тексерістер туралы мәліметтерді қамтиды. Тексерістердің саны тексерілген органдардың саны бойынша есептеледі.

15. 2-бағанда (1-бағаннан) аумақтық органдарда Министрліктің қызметкерлері аумақтық органдарда жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

3-бағанда (2-бағаннан) Министрліктің Штаб-департаменті қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

16. 4-бағанда (1-бағаннан) ПД, КПД қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

5-бағанда (4-бағаннан) ПД, КПД-нің штаб қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

6-бағанда (1-бағаннан) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

7-бағанда (6-бағаннан) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары штабтарының қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

17. 8-бағанда тексеру немесе салыстыра тексеру барысында, сондай-ақ ішкі істер органдарының ЕАТТ-ны бақылауды жүзеге асыруы кезіндегі өзге тәсілдермен анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібін бұзудың жалпы саны көрсетіледі.

ЕАТТ-ны бұзу әрбір факті бойынша ескеріледі.

18. 9-бағанда (8-бағаннан) Министрлік қызметкерлері анықтаған бұзушылықтар саны көрсетіледі.

10-бағанда (9-бағаннан) Министрліктің Штаб-департаменті қызметкерлері анықтаған бұзушылықтар саны көрсетіледі.

19. 11-бағанда ПД, КПД қызметкерлері анықтаған, оның ішінде 12-бағанда ПД, КПД-нің штаб бөліністері қызметкерлері анықтаған, 13-бағанда ПД, КПД-нің ЕАТТ-ны бақылау жөніндегі комиссиялары анықтаған бұзушылықтар ескеріледі.

20. 14-бағанда қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары қызметкерлері анықтаған, оның ішінде 15-бағанда қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының штаб бөліністері қызметкерлері анықтаған, 16-бағанда қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының ЕАТТ-ны бақылау жөніндегі комиссиялары анықтаған бұзушылықтар ескеріледі.

21. 17-бағанда түрлі деңгейдегі прокуратура органдары жүргізген қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау кезінде заңдылықты сақтауды тексеру ескеріледі.

22. 18-бағанда (17-бағаннан) Бас прокуратураның қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

19-бағанда (17-бағаннан) облыстың және оған теңестірілген прокуратура қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

20-бағанда (17-бағаннан) аудандық, қалалық және оған теңестірілген прокуратура қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

21-бағанда (17-бағаннан) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚСЖАЕАК) қызметкерлері жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

22-бағанда (17-бағаннан) прокуратура органдары және ҚСЖАЕАК жүргізген бірлескен тексерістердің саны көрсетіледі.

23. 23-бағанда есеп субъектілерінде прокуратура органдары және ҚСЖАЕАК анықтаған бұзушылықтар саны көрсетіледі.

**5. «СДТБТ-ға тіркелген, анықталған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы»  
2-бөлімді құру**

24. 1-бағанда СДТБТ-ның ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – СДТБТ АЖ) тексеру немесе салыстыра тексеру барысында ведомстволық жолмен анықталған, кейіннен есептен алынған істерді қоспағанда, есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

25. 2, 3, 4 және 5-бағандарда (1-бағаннан) қылмыстық істерді сотқа жолдау, тергеу мерзімін үзу, қылмыстық істі біріктіру (*Қазақстан Республикасы ҚПК 43-бабы тәртібінде*) және ведомстволық жолмен анықталған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді ақтамайтын негіздер бойынша тоқтату туралы шешімдер көрсетіледі.

26. 6-бағанда ведомстволық жолмен анықталған, есепке қойылған және жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді есептен ала отырып тоқтату туралы шешімдер көрсетіледі.

27. 7-14-бағандарда есепке алудан жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар оларды анықтаған бөліністерге байланысты ескеріледі.

28. 15, 16, 18-24-бағандарда (1-бағаннан) есепке алудан жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасыру нысанына байланысты ескеріледі.

29. 17-бағанда ҚҚІ-дан (өткен жылдары) бас тартылған ведомстволық жолмен анықталған есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

30. 25-бағанда кейіннен есептен ала отырып тоқтатылған істерді есепке алмағанда, прокуратура органдары анықтаған есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны ескеріледі.

31. 26, 27, 28 және 29-бағандарда (1-бағаннан) қылмыстық істерді сотқа жолдау, тергеу мерзімін үзу, біріктіру (*Қазақстан Республикасы ҚПК 43-бабы тәртібінде*) және прокуратура органдары анықтаған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді ақтамайтын негіздер бойынша тоқтату туралы істерді сотқа жіберу туралы шешімдер көрсетіледі.

32. 30-бағанда прокуратура органдары анықтаған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді есептен ала отырып тоқтату туралы шешімдер көрсетіледі.

33. 31, 32, 34-40-бағандарда (25-бағаннан) есепке алудан жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасыру нысанына байланысты ескеріледі.

34. 33-бағанда ҚҚІ бас тартылған қатарынан (өткен жылдары) прокуратура органдары анықтаған есепке қойылмаған тіркелмеген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

## **6. «Ведомстволық жолмен анықталған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша мәліметтер» деген 3-бөлімді құру**

35. 1-10-бағандарда ведомстволық жолмен анықталған, тіркелмеген есепке қойылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны бап бойынша көрсетіледі.

36. 11-бағанда 1-ден 10- бағандағы қорытынды көрсеткіштер көрсетіледі.

37. 12, 16, 20, 24 және 28-бағандарда қызметтер бойынша ведомстволық жолмен анықталған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

38. 13-бағанда (12-бағаннан), 17-бағанда (16-бағаннан), 21-бағанда (20-бағаннан), 25-бағанда (24-бағаннан) тіркемеу жолымен жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

39. 14-бағанда (12-бағаннан), 18-бағанда (16-бағаннан), 22-бағанда (20-бағаннан), 26-бағанда (24-бағаннан) қараусыз және номенклатуралық істе (нарядта) сақтаусыз қалдыру жолымен жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

40. 15-бағанда (12-бағаннан), 19-бағанда (16-бағаннан), 23-бағанда (20-бағаннан), 27-бағанда (24-бағаннан) басқа жолмен жасырылған (тіркеуге алмау және нарядқа есептен шығару жолдарын қоспағанда) қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

41. 29-бағанда 12, 16, 20, 24 және 28-бағандардың қорытынды көрсеткіштері көрсетіледі.

## **7. «Прокуратура органдары анықтаған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша мәліметтер» деген 4-бөлімді құру**

42. 1-10-бағандарда прокуратура органдары анықтаған тіркелмеген есепке қойылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың баптар бойынша саны көрсетіледі.

43. 11-бағанда 1-ден 10- бағандағы қорытынды көрсеткіштер көрсетіледі.

44. 12, 16, 20, 24 және 28-бағандарда қызметтер бойынша прокуратура органдары анықтаған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

45. 13-бағанда (12-бағаннан), 17-бағанда (16-бағаннан), 21-бағанда (20-бағаннан), 25-бағанда (24-бағаннан) тіркеуге алмау жолымен жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

46. 14-бағанда (12-бағаннан), 18-бағанда (16-бағаннан), 22-бағанда (20-бағаннан), 26-бағанда (24-бағаннан) қараусыз және номенклатуралық істе (нарядта) сақтаусыз қалдыру жолымен жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

47. 15-бағанда (12-бағаннан), 19-бағанда (16-бағаннан), 23-бағанда (20-бағаннан), 27-бағанда (24-бағаннан) басқа жолмен жасырылған (тіркеуге алмау және нарядқа есептен шығару жолдарын қоспағанда) қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

48. 29-бағанда 12, 16, 20, 24 және 28-бағандардың қорытынды көрсеткіштері көрсетіледі.

## **8. «Тәртіптік практика туралы» 5-бөлімді құру**

49. 1-бағанда ЕАТТ-ны бұзғаны үшін тәртіптік ретте жазаланған ішкі істер органдары қызметкерлерінің жалпы саны ескеріледі.

50.2 және 4-бағандарда (1-бағаннан) сәйкесінше ПМ-нің, ПД, КІД бастықтарының және қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары бастықтарының бұйрықтарымен жазаланған қызметкерлердің саны көрсетіледі.

51. 5-бағанда (1-бағаннан) прокурорлық қадағалау (тексеру, салыстыра тексеру, қадағалау қызметін жүзеге асыру қорытындылары бойынша) нәтижелері бойынша; 6-бағанда – ПМ-нің қызметкерлері тексерістерінің нәтижелері бойынша; 7 және 8-бағандарда ішкі істер органдары, прокуратура мен ҚСЖАЕАК-нің бірлескен тексерістерінің нәтижелері бойынша; 9-бағанда – ПД, КІД тарапынан ведомстволық бақылау нәтижелері бойынша, 10-бағанда – қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары қызметінің нәтижелері бойынша жазаланған қызметкерлер көрсетіледі.

52. 11-бағанда (1-бағаннан) түрлі деңгейдегі жазаланған басшылар туралы мәліметтер көрсетіледі.

53. 12-бағанда (11-бағаннан) ПД, КІД қызметтері мен аппарат бөліністерінің басшылары қатарынан жазаланғандардың саны көрсетіледі.

54. 13-бағанда (11-бағаннан) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары басшыларының (бастықтар және олардың орынбасарлары, оның ішінде бөлімдер, бөлімшелер) қатарынан жазаланғандардың саны көрсетіледі.

55. 14-26-бағандарда (1-бағаннан) ПД, КІД және қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдары қызметтері бойынша жазаланған қызметкерлер саны ескеріледі.

56. 27-бағанда (1-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін атқарып отырған лауазымынан босатылған (лауазымынан төмендетілген) қызметкерлер саны көрсетіледі.

57. 28-бағанда (27-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін атқарып отырған лауазымынан босатылған (лауазымынан төмендетілген) басшылар саны көрсетіледі.

58. 29-бағанда (1-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін ішкі істер органдарынан шығарылған қызметкерлер саны көрсетіледі.

59. 30-бағанда (29-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін ішкі істер органдарынан шығарылған басшылар саны көрсетіледі.

60. 31-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 433-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудан жасыру фактілері бойынша ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қатысты СДТБТ-ға тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің саны көрсетіледі.

61. 32-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудан жасыру фактілері бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған ішкі істер органдары қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

## **9. «Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы ҚАЖК есептілігін» жасау**

62. 1-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау кезінде заңдылықтың сақталуына жүргізілген ведомстволық тексерістердің саны көрсетіледі.

63. 2-бағанда (1-бағаннан) ІІМ қызметкерлері аумақтық органдарға жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

64. 3-бағанда тексеру немесе салыстыра тексеру барысында, сондай-ақ ЕАТТ-ны бақылауды жүзеге асыру кезінде өзге тәсілмен анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібін бұзудың жалпы саны көрсетіледі.

ЕАТТ-ны бұзу әрбір факті бойынша ескеріледі.

65. 4-бағанда (3-бағаннан) ІІМ қызметкерлері анықтаған бұзушылықтар саны көрсетіледі.

66. 5-бағанда әртүрлі деңгейдегі прокуратура органдары және ҚСЖАЕАК жүргізген тексерістер ескеріледі.

6-бағанда есеп субъектілерінде прокуратура органдары және ҚСЖАЕАК анықтаған бұзушылықтар саны көрсетіледі.

67. 7-бағанда істерді есепке алмай, кейіннен есептен ала отырып тоқтатылған, ведомстволық жолмен анықталған есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

68. 8-бағанда ведомстволық жолмен анықталған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді есептен ала отырып тоқтату туралы шешімдер көрсетіледі.

69. 9-16-бағандарда (7-бағаннан) есепке алудан жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасыру нысанына байланысты ескеріледі.

70. 17-бағанда кейіннен есептен ала отырып тоқтатылған істерді есепке алмағанда, прокуратура органдары анықтаған есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны ескеріледі.

71. 18-бағанда прокуратура органдары анықтаған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді есептен ала отырып тоқтату туралы шешімдер көрсетіледі.

72. 19-26-бағандарда (17-бағаннан) есепке алудан жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасыру нысанына байланысты ескеріледі.

73. 27-бағанда есепке алу-тіркеу тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік ретте жазаланған қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің жалпы саны ескеріледі.

28-бағанда (27-бағаннан) түрлі деңгейдегі жазаланған басшылар туралы мәліметтер көрсетіледі.

74. 29-бағанда (27-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін атқарып отырған лауазымынан босатылған (лауазымынан төмендетілген) қызметкерлер саны көрсетіледі.

30-бағанда (29-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін атқарып отырған лауазымынан босатылған (лауазымынан төмендетілген) басшылар саны көрсетіледі.

75. 31-бағанда (27-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін шығарылған қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

32-бағанда (31-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін шығарылған басшылар саны көрсетіледі.

76. 33-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 433-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудан жасыру фактілері бойынша қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне қатысты СДТБТ-ге тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің саны көрсетіледі.

77. 34-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудан жасыру фактілері бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

#### **10. «Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызмет туралы ТЖК есептілігін» жасау**

78. 1-бағанда қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау кезінде заңдылықтың сақталуына жүргізілген ведомстволық тексерістердің саны көрсетіледі.

79. 2-бағанда (1-бағаннан) ІІМ қызметкерлері аумақтық органдарға жүргізген тексерістер саны көрсетіледі.

80. 3-бағанда тексеру немесе салыстыра тексеру барысында, сондай-ақ ішкі істер органдары ЕАТТ-ны бақылауды жүзеге асырған кезде өзге де тәсілмен анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібін бұзудың жалпы саны көрсетіледі.

ЕАТТ-ны бұзу әрбір факті бойынша ескеріледі.

81. 4-бағанда (3-бағаннан) ІІМ қызметкерлері анықтаған бұзушылықтар саны көрсетіледі.

82. 5-бағанда прокуратура органдары және ҚСЖАЕАК жүргізген тексерістер ескеріледі.

6-бағанда есеп субъектілерінде прокуратура органдары және ҚСЖАЕАК анықтаған бұзушылықтар саны көрсетіледі.

83. 7-бағанда істерді есепке алмай, кейіннен есептен ала отырып тоқтатылған, ведомстволық жолмен анықталған есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

84. 8-бағанда ведомстволық жолмен анықталған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді есептен ала отырып тоқтату туралы шешімдер көрсетіледі.

85. 9-16-бағандарда (7-бағаннан) есепке алудан жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасыру нысанына байланысты ескеріледі.

86. 17-бағанда кейіннен есептен ала отырып тоқтатылған істерді есепке алмағанда, прокуратура органдары анықтаған есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны ескеріледі.

87. 18-бағанда прокуратура органдары анықтаған және есепке қойылған жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша тіркелген істерді есептен ала отырып тоқтату туралы шешімдер көрсетіледі.

88. 19-26-бағандарда (17-бағаннан) есептен жасырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасыру нысанына байланысты ескеріледі.



89. 27-бағанда төтенше жағдайлар бөліністерінің есепке алу-тіркеу тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік ретте жазаланған қызметкерлерінің жалпы саны ескеріледі.

28-бағанда (27-бағаннан) түрлі деңгейдегі жазаланған басшылар туралы мәліметтер көрсетіледі.

90. 29-бағанда (27-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін атқарып отырған лауазымынан босатылған (лауазымынан төмендетілген) қызметкерлер саны көрсетіледі.

30-бағанда (27-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін атқарып отырған лауазымынан босатылған (лауазымынан төмендетілген) басшылар саны көрсетіледі.

91. 31-бағанда (27-бағаннан) төтенше жағдайлар бөліністерінің ЕАТТ-ны бұзғаны үшін шығарылған қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

32-бағанда (31-бағаннан) ЕАТТ-ны бұзғаны үшін шығарылған басшылардың саны көрсетіледі.

92. 33-бағанда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 433-бабы бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудан жасыру фактілері бойынша төтенше жағдайлар бөліністері қызметкерлеріне қатысты СДТБТ-ге тіркелген сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің саны көрсетіледі.

93. 34-бағанда төтенше жағдайлар бөліністерінің қылмыстық құқық бұзушылықтарды есепке алудан жасыру фактілері бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылған қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

---